

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 1390 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 3 9 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.**

2. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
т у р а л ы е р е ж е д е :

1 4 - т а р м а қ т а :

бір жүз елу жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын
ә з і р л е у г е қ а т ы с у ; » ;

мынадай мазмұндағы бір жүз елу сегізінші, бір жүз елу тоғызыншы, бір жүз алпысыншы, бір жүз алпыс бірінші, бір жүз алпыс екінші, бір жүз алпыс үшінші
а б з а ц т а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«жеке сот орындаушыларының іс жүргізу қағидаларын орындауын бақылау;

мемлекеттік сот орындаушысының қызметін бақылау;

жеке сот орындаушыларының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауын

және өздерінің міндеттерін тиісінше орындауын бақылауды ұйымдастыру;
интегралды микросхема топологиясын пайдалануды мемлекеттік бақылау;
аумақтық нотариалдық палаталар қызметін бақылау;
нотариустың заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және
терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының
заңнамасын сақтауын бақылау.».

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

5. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері
» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310
қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

13-тармақ мынадай мазмұндағы 31-1), 171-1), 172-1), 216-1), 217-1), 228-1), 228-2),
244-1), 245-1), 248-1), 254-1), 256-1), 259-1), 263-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«31-1) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру
және пайдалану қағидаларын әзірлейді;»;

«171-1) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады
; » ;

«172-1) астық экспорттаушылардың мемлекеттік астық ресурстарына астықты
жеткізу жөніндегі міндетті сақтауын бақылауды жүзеге асырады;»;

«216-1) ветеринариялық іс-шаралардың ұйымдастырылуын және орындалуын
бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«217-1) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының
Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының
жануарлардың жұқпалы ауруларының таралуының белең алуын болғызбау,
жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың
аса қауіпті және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі
талаптарының сақталуы мәніне жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары
бойынша карантин аймақтарында және қолайсыз пункттерде ветеринария саласындағы
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асырады;»;

«228-1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын,
өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті
жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік
үй-жайларында және қызметіне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды
және қадағалауды жүзеге асырады;

228-2 жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы
мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының

барлық түрлері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«244-1) тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«245-1) мал көмінділерін (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«248-1) жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын орындау жөніндегі қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«254-1) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық аурулары қоздырушыларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«256-1) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары негізінде қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«259-1) шекаралық және кедендік пункттерде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;»;

«263-1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;».

6. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі т у р а л ы е р е ж е д е :

1 2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 51-1), 52-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«51-1) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;

«52-1) күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, орнатуды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;

78), 79) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«78) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдану арқылы жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;

«79) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен: азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындыны;

м ы н а л а р ғ а :

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, әкелуге, әкетуге;

з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ғ а :

жарылғыш материалдарды сатып алуға, сақтауға;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолдану арқылы жасалған б ұ й ы м д а р д ы с а қ т а у ғ а ;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, тасымалдауға, ә к е л у г е , ә к е т у г е ;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стенділерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттар беруді жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 120-1) тармақшамен толықтырылсын:

«120-1) Қазақстан Республикасының көшіп кету мен көшіп келу саласындағы заңнамаларының сақталуы үшін ведомстволық бақылауды және азаматтық мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады;».

7. «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы № 1201 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 46, 554-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ережеде:

14-тармақ мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;».

8. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы е р е ж е д е :

1 1 - т а р м а қ т а :

280) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«280) гендерлік саясатты іске асыруға қатысу;»;

мынадай мазмұндағы 281) тармақшамен толықтырылсын:

«281) «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу міндеттілігіне қатысты бөлігіндегі талаптарын аудиторлық ұйымдардың орындауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және осы талаптарды бұзған аудиторлық ұйымдарға шара қолдану.».

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 994 қаулысымен.